




# ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Ойлау мен сөйлеудің дамуындағы  
эгоцентризм тұжырымдамасы





Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау мен сөйлеудің дамуындағы эгоцентризм тұжырымдамасы

Бұл дәрісте Ж.Пиаженің баланың ойлауы мен дамуыны қатысты негізгі теориялары мен зерттеу әдістеріне баса назар аударамыз. Бұл дәрістер топтамасы Л.С.Выготскийдің «Ойлау және сөйлеу» атты монографиясының негізінде дайындалып ұсынылып отырғанын естеріңізге сала кетейін. Сондықтан Ж.Пиаже іліміне қатысты Л.С.Выготскийдің сыни көзқарастарына, ойларына басымдық бердік.

Филогенетикалық және онтогенетикалық даму тұрғысынан қарастырылып отырған аутистикалық ойлау — бала мен адамзаттың ақыл-ой дамуының алғашқы сатысы болып табылмайды. Ол бүкіл даму процесінің бастапқы нүктесі, қарапайым функциясы емес және бастапқы және негізгі формасы да болып табылмайды. Биологиялық эволюция мен бала мінез-құлқын биологиялық талдау көзқарасы тұрғысынан қарастырылып отырған аутистикалық ойлау «аутизм — бұл басқа да ойлаулардың өсе түсуі, даму сатыларының алғашқы әрі негізгі сатысы» деген пікірді Фрейд ұсынған. Алайда Пиаженің сөзімен ертерек пайда болатын ойлау, яғни алдамшы елестету, қанағаттану принципі аутистикалық ойлауды басқара отырып, ақылды ойлаудың логикасын (қисынын) басқаратын шынайылық принципінің алдында өтеді. Ең қызықтысы, осындай қорытындыға биологиялық бағыттағы психологтар, әсіресе аутистикалық ойлау туралы ілімнің авторы Э.Блейлер де келген екен. Выготский өз еңбегінде Э. Блейлер “аутистикалық ойлау» терминінің өзі көптеген түсінбеушіліктер әкелгенін атап өтеді. Бұл түсінікке аутистикалық ойлауды шизофрениялық аутизммен жақындастыратын мазмұн қосуда, оны эгоистік ойлаумен теңестіруде. Сондықтан ғалым «Э.Блейлер аутистикалық ойлауды шынайы және рационалдық ойлауға қарама-қарсы ирреалистік ойлау деп атауды ұсынды. Амалсыз атын өзгертудің астарында осы атпен белгіленген жоғары сатыдағы түсініктің маңызды мазмұны жатқаны даусыз» деген ой айтады.

Бұл өзгерісті Блейлердің өзі аутистикалық ойлауға арналған зерттеулерінде көрсеткен. Бұл зерттеуінде ол аутистикалық ойлау мен ақылды ойлаудың генетикалық арақатынасы туралы сұрақты тікелей әрі ашық түрде қояды. Блейлер аутистикалық ойлау, әдетте, рационалды ойлауға қарағанда генетикалық тұрғыда ертерек сатыға орналастырылады дейді. «Шынайы ойлау, яғни шынайылық қызметі ақиқаттың күрделі процестерінің қанағаттандырылуы, ауру процесі әсерінен алға шығатын аутистикалық ойлауға қарағанда аурудың әсерінен өте оңай бұзылатын болғандықтан, П. Жанэ бастаған француз психологтары шынайы қызмет неғұрлым жоғары әрі күрделірек дейді. Алайда бұған қатысты анық бағытты тек З.Фрейд қана ұстанады. Ол рахаттану механизмдері даму барысында бірінші болып табылатынын тіке айтты. Ол шынайы қажеттілігі өзінің көмегінсіз анасы арқылы өтелетін нәресте мен сыртқы әлемнен жұмыртқа қауызы арқылы бөлінген балапан аутистикалық өмір сүреді деген жағдайды елестете алады. Бала өзінің ішкі қажеттілігінің өтелуіне орай «елестетеді» және өзінің қанағаттанбауын наразылығы өсуінен және айкай мен тырбаңдау түріндегі моторлы реакциясынан байқайды, сонан соң елестетушілік қанағаттануды басынан өткізеді деген қорытындыға келеді.

Выготский эгоцентрилік ойлауды осы екі алғашқылардың арасындағы өтпелі саты және логикалық шегіне дейін жетілген (яғни солипсизм және рационалды ойлау) **бастапқы аутизм** деп анықтаған Пиаже сүйенген бала дамуының психоаналитикалық теориясына ұқсас негізгі жағдайды Э.Блейлердің де құрастырғанын байқаған. Осы тезистерге қарсы Э.Блейлер генетикалық көзқарастан мызғымас дәлелдер ұсынады деп болжайды. «Мен мұнымен келісе алмаймын, — дейді ол. — Мен нәрестенің елестетушілік қанағаттануын көрмеймін, мен қанағаттану сезімін тек сәби тамақтанған соң ғана көремін, соған орай, балапан да жұмыртқа ішінде жатып елестер түрінде емес, физикалық және химиялық ас қабылдауы арқылы өзіне жол салатынын белгілеймін, — деді. Ересектеу баланы бақылай отырып, ойда елестетілген алманы шын алма ретінде қабылдағанын көрмеймін. Имбецил мен тағы адам нағыз шын саясатшылар, ал соңғысы (біз сияқты ойлау қабілетінің биігінде тұрғандар) ғарыш, табиғат кубылыстары, ауру мен тағдырдың басқа соққылары және қорғаныс шаралары мен басқа да ол үшін қиын қатынастар туралы ақылы мен тәжірибесі жетіспегенде аутистикалық орынсыз әрекет жасайды.

Выготский былай дейді: «Имбецилдің аутистикалық ойлауы реалистік ойлау сияқты қарапайымдатылған. Дамудың қандай төмен сатысында тұрса да, оған тәуелсіз тұрғыда әрекет жасамайтын, ең алдымен, ақиқат дүниеге мән бермейтін өмір сүруге қабілетті адамды да, тірі жанды да кездестіре алмадым, сонымен қатар белгілі сатыдан төмен ұйымдастыруда аутистикалық функциялар болатынын көзіме елестете алмаймын».

Выготский бұл қарама-қарсылық оңай шешіледі: аутистикалық функция шынайы функция турлері сияқты қарапайым емес, бірақ кей жағдайларда ол шынайы функцияның адамда дамыған жоғары түрлерінен аздап тұрпайылау деген ойды айтады. Төменгі сатылы жануарлар шынайы функцияны ғана меңгерген. Сондықтан автор тек аутистикалық тұрғыда ойлайтын тірі жан жоқ, арнайы даму сатысынан бастап шынайы функцияларға аутистикалық функциялар жалғасады да, содан бастап сонымен бірге дами бастайды деген оймен қорытындылайды. Интеллектілі іс-әрекеттің алғашқы түрі ретінде шынайылыққа



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау мен сөйлеудің дамуындағы эгоцентризм тұжырымдамасы

бағытталған және жаңа жағдайлар мен сыртқы ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделген практикалық және әрекетті болып келуіне көз жеткізу үшін қанағаттану принциптерінің тұрпайылығы, ниеттер логикасы мен түс көру логикасы туралы ойлаудың шынайы қызметі жайлы ортақ жағдайлардан шығуға болады. Бұл жерде ойлаудың биологиялық эволюция барысында даму жолдары қарастырылады.

Ниеттің қызметі, түс көру логикасы, биологиялық эволюция көзқарасы бойынша, алғашқы болып келеді десек, ойлау биологиялық қатарда пайда болды және төменгі жануар түрінен жоғары сатыға ауысуына байланысты, одан адамға өзін-өзі қанағаттандыру қызметі ретінде, қанағаттандыру принципіне бағынған процесс ретінде дамыды десе, бұл сол биологиялық көзқарас тұрғысында дұрыс емес. Ойлау дамуын қанағаттану принципінен басталу мүмкіндігін мақұлдау дегеніміз — бұл интеллект немесе ойлау деп атайтын жаңа психикалық қызметтің пайда болуын биологиялық тұрғыда түсіндіре алмау деген сөз.

Блейлердің негізгі генетикалық формуласы аутистикалық және реалистік ойлау арасындағы генетикалық байланыс туралы сұрақтың толық шешуін бермесе де, екі кезеңде талас тудырмайды. Біріншіден, аутистикалық функцияның кештеу пайда болатынына қатысты, екіншіден, аутизмнің алғашқы және бастапқылығы туралы ойлардың биологиялық дерексіздігі жоқтығын көрсетуіне қатысты. Блейлер аутистикалық қызметті басынан өткеннен белгісіздікке, өткен шақ пен болашаққа таралатын түрлі жағдайлардың, әрекеттер еркіндігін бағалау ғана емес, сонымен бірге сезім мүшелері мен қажеттіліктердің кездейсоқ қоздырғыштарының байланысынсыз, тек қана еске түсіру бейнелерінен тұратын байланыстылықты ойлауды да бағалау ғана емес, түсінік логикалық қызметпен қорытындыда жинақталған тәжірибеге сай болатын ойлау дамуының төртінші сатысына жатқызады.

«Осы жерде ғана дейді, — ол, — аутистикалық қызмет қосылады- Осы жерде ғана адам өз ойында сыртқы әлемді қайта құрады, осыған орай, адам сыртқы әлемдегі өзіне ұнамайтын нәрсені алып тастап, өз ойларында қиялдағыдай тез қанағаттанатын ниет құратын әрі қанағаттанудың қарқынды сезімімен байланысты жағымды ойларды алады. Яғни реалистік ойлаумен қатар дамуы керек болғандықтан, ирреалистік функция реалистік ойлаудың бастамаларынан қарапайым болуы мүмкін емес.

Түсініктер мен логикалық ойлау неғұрлым күрделі бола түскен сайын, біріншіден, олардың шынайылыққа икемделуі дәл бола түседі және аффективтіліктен босану мүмкіндігі күшейе түседі. Екіншіден, өткен шақтағы эмоционалды боялған энграммдар мен болашаққа қатысты эмоционалды ойлардың әсер ету мүмкіндігі де өсе түседі.

Выготский өз зерттеуінде көптеген ойлау комбинациялары қиялды түрлендіре түссе, өткен шақтағы эмоционалды елестер мен болашақ туралы аффективті ойлар қиялдауға итермелейді деген ой айтады. Дами келе, ойлаудың екі түрі арасындағы айырмашылық анық бола түседі, соңында екеуі бір-біріне қарама-қарсы тұруы ықтимал, ал ол өз кезегінде үнемі күрделі шиеленістерге алып келеді, егер екі жақ индивидте белгілі бір тепе-теңдікті сақтамаса, біріншіден, шынайылықпен санаспайтын және белсенділік танытпайтын армандағыш (қияли) тип пен, екіншіден, ертеңін болжамай, шынайы осы кезеңмен ғана өмір сүретін анық шынайы ойлы адам типі пайда болады. Алайда филогенетикалық дамудағы осы параллелизмге қарамастан, реалистік ойлау көптеген негіздері бойынша жақсырақ дамыған және психиканың жалпы бұзылуында шынайы функциялар әдетте күштірек зақымданады. Э.Блейлер филогенетикалық жағынан өте жас аутистикалық функция қалайша кеңінен таралды және күшке ие болды, тіпті 2 жастан асқан балалардың көпшілігінің аутистикалық ойлауы олардың психикалық функцияларының көп бөлігін басқару себебі неде деген сұрақ қояды.

Блейлердің бұл сұрағына жауапты Выготский біріншіден, сөйлеудің дамуы аутистикалық ойлау үшін жоғары дәрежедегі жағдай жасайды, екіншіден, Блейлер өзі көрсеткендей, аутизм ойлау қабілеттері үшін жағымды болып келеді деп көрсеткен. Баланың қиялында оның қиыстыруға негізделген қабілеттері қимылды ойын устінде баланың дене тұрғылық ептілігіндей өсе түседі. Осы ретте автор «Әскер немесе мама болып ойнағанда, бала қажетті эмоциялар мен ойлар кешенін жаттықтырады» деген мысалды келтіреді.

«Аутистикалық ой санадан тыс» деген анықтаманы Фрейд пен Пиаже бірдей қолдайды. Пиаженің пікірінше, эгоцентрлік ойлау да әлі толық саналы емес, соған қатысты ол ересек адамның саналы ой талдауы мен түс көрудің санадан тыс іс-әрекетінің арасындағы аралық орынды алады. «Бала өзі үшін ойлайтын болғандықтан, ол өзінің ой талдауының механизмдерін ұғынуға мұқтаждық танытпайды», — деп көрсетті Пиаже. Пиаже, расында, екіойлы деп есептеп, «санадан тыс талдау» деген сөзден қашпақтайды, сондықтан баланың ойлауында әрекеттер логикасы басым, бірақ өлі ой логикасы жоқ дейді. Бұл эгоцентрлік ойлаудың санадан тыс болғандығынан туындайды. «Балалар логикасының көптеген құбылыстарын осы



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау мен сөйлеудің дамуындағы эгоцентризм тұжырымдамасы

себептерге жатқызуға болады. Осы логиканың түбірі мен оның себептері 7—8 жасқа дейінгі бала ойының эгоцентризмінде және осы эгоцентризмді тудыратын санасыздықта жатыр» дейді Пиаже. Пиаже баланың интроспекцияға қабілетінің жетіспейтіндігіне және ұғынудың қиындығына тоқтала келе, эгоцентрлік тұрғыда ойланатын адамдар өздерін жақсы ұғынады, эгоцентризм өзін-өзі дұрыс бақылауға әкеледі дейтін әдеттегі көзқарас дұрыс еместігін бекітеді.

Осы ретте Выготский баланың эгоцентризмі — бала логикасының кейбір белгілерін анықтауға көмектесетін біршама санасыздықпен қатар жүретінін қуаттайды. Бала өзін-өзі бақылауға қаншалықты қабілетті екендігін анықтауға байланысты жүргізген эксперименттік зерттеулері Пиаженің пікірін дәлелдегенін айтады.

Аутистикалық және эгоцентрлік ойлаудың санасыздық сипаты туралы пікірлер Пиаже тұжырымдамасының негізінде жатыр, оның негізгі анықтамасы бойынша, эгоцентрлік ойлау — өзінің міндеті мен мақсатын, ұғынылмаған ұмтылысын қанағаттандыратын ойды ұғынбаған ойлау. Сол кездері аутистикалық ойлаудың санасыздығы туралы бұл пікірлер жаңа зерттеулерде талас тудырған. «Фрейдте, — дейді Блейлер, — аутистикалық ойлау санасыздыққа тым жақын тұр, егер тәжірибесі аз адам болса, осы екі түсінік бір-бірімен оңай араласып кетер еді». Солай дей тура, Блейлер осы екі түсінікті бір-бірінен қатаң түрде ажырату қажет деген тоқтамға келеді. «Шындығында, аутистикалық ойлау, санасыз сияқты, саналы да бола алады», — дейді де, аутистикалық ойлаудың осы екі түрге енетіндігіне нақты мысал келтіреді.

Сол кездегі жаңа зерттеулерде оның аутистикалық ойлау мен оның эгоцентрлік түрі шынайы дүниеге бағытталмағандығы туралы ойлары да дерексіздене түседі. Аутистикалық ойлаудың бір түрі келесі түрінен өзінің шынайылыққа аз да, көп те болса да жақындығымен ажыратылады. «Қалыпты сергектіктегі адамның аутизмі шынайы дүниемен байланысып жатады және қалыпты құралған әрі нақты орнатылған түсініктермен байланысты әрекет жасайды».

Выготский болса өз зерттеулеріне сүйене отырып, бұл пікірлерді балаға қатысты дұрыс деп санамаған. Оның пікірінше баланың аутистикалық ойлауы шынайы дүниемен тығыз әрі үзілместей болып байланысқан және тек баланы қоршаған ортамен, оған жиі кездесетіндермен әрекет жасайды. Түс көруден байқалатын аутистикалық ойлаудың келесі түрі шынайы дүниеден мүлдем оқшау жатуына байланысты еш мағынасыз нәрсені тудыруы мүмкін. Ауру мен тус көру, өздерінің қызметіне орай, шынайылықты бұзады. Автордың көкарасы бойынша «аутистикалық ойлау, генетикалық құрылымдық және функционалдық қатынаста ойлаудың кейінірек байқалатын формаларына сәйкес алғашқы саты еместігін, керісінше, бала ойлауының эгоцентризмі ойлаудың алғашқы, негізгі және жоғарғы формаларының аралық әрі өтпелі сатысы деп қарастыратын көзқарасты қайта қарауға керек.

Бала эгоцентризмінің тұжырымдамасы Ж.Пиаженің теориясында әр түрлі бөлімдерден келетін байланыстар жинақталатын және қиылысатын орталық фокустық орнын алады. Осы байланыстар көмегімен Пиаже бала логикасын сипаттайтын түрлі белгілердің сан алуандығын бірлікке жинайды және байланыссыз жинақталмай жатқандарды қатаң байланысқан бір себеппен шартты құрылымды құбылыстар кешеніне айналдырады.

Пиаже теориясындағы мұндай негіз оның балалардың сөйлеу қызметін анықтауға арналған алғашқы зерттеуі. Осы зерттеуден кейін Пиаже балалардың барлық сөйлеуін үлкен екі топқа, яғни эгоцентрлік және әлеуметтенген сөйлеу деп аталатын екі ірі топқа бөлуге болады деген қорытындыға келді. Эгоцентрлік сөйлеу түсінігінің астарында Пиаже, ең алдымен, өзінің қызметімен басқалардан ерекшеленіп тұратын сөйлеуді ұғады. «Бала қарсыласының көзқарасымен бір тұруға ұмтылмай, өзі туралы айтатындықтан, бұл сөйлеу эгоцентрлік», — дейді Пиаже. Ол өзін басқалар оны тыңдай ма, жауап күте ме деген қызығушылықты және қасындағы жолдасына шынында да бір нәрсе айтамын деген ниетті де сезінбейді. Бұл драмадағы: “Бала өзінің дауыстап ойлағаны сияқты, өзімен сөйлеседі. Ол ешкімге бағытталмаған деген формуламен байқалатын монологты еске түсіреді» дейді Пиаже. Сабәк үстінде бала әрекеттері шағын бөлек сөздерімен қосарласып отырады, міне, осы бала іс-әрекеттерінің сөздік үн қосуын Ж. Пиаже қызметі басқа әлеуметтенген сөйлеуден белек эгоцентрлік сөйлеу деп ажыратады. Әлеуметтенген сөйлеуде жерде бала басқалармен пікір алмасады, ол көмек сұрайды, бұйырады, қорқытады, хабарлайды, сынайды, сұрақ қояды.

Ж. Пиаже баланың эгоцентрлік сөйлеуін клиникалық анықтау мен суреттеуде, оны өлшеп әрі қарай оның дамуын бақылап отыруда үлкен үлес қосты. Эгоцентрлік сөйлеудің фактісінде Ж. Пиаже бала ойы эгоцентризімінің бастапқы, негізгі және тікелей дәлелін көреді. Эгоцентрлік сөйлеудің коэффициенті оның өлшемдері сәби шақта шамадан тыс көп болатынын көрсетті. Осы өлшеулерге сүйеніп, 6—7 жасқа дейін баланың айтқан сөздерінің жартысынан көбі эгоцентрлік деп айтуға болады.



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау мен сөйлеудің дамуындағы эгоцентризм тұжырымдамасы

Выготский осы мәселеге қатысты бірінші зерттеуін қорытындылай келе, бала сөйлеуінің ол анықтаған алғашқы үш категориясы (қайталау, монолог және ұжымдық монолог) эгоцентрилік болса, онда 6 жастағы баланың сөз түріндегі ойлауы да 44-тен 47%-ға дейінгі мөлшерде эгоцентрилік болып келеді дейді. Егер сәби шақтағы бала, тіпті 6—7 жастағы бала туралы айтсақ та, бұл сандық көрсеткішті мәнді түрде жоғарылату керек. Бұл санның өсу себебі, кейінгі зерттеулер кеніндей, баланың эгоцентрилік сөйлеуінде ғана емес, әлеуметтенген сөйлеуінде де эгоцентрилік ойлау байқалуына байланысты. Мұны былай түсіндіруге болады, — дейді Пиаже, — жалғыз отырғанда да ересек адам әлеуметтік тұрғыда ойлайды, ал 7 жасқа жетпеген бала адамдар арасында отырса да эгоцентрилік тұрғыда ойлайды және сөйлейді. Бұл жерге баланың сөзбен жеткізген ойларынан басқа айтпай қалған көп мөлшердегі эгоцентрилік ойларын қоссақ, эгоцентрилік ойлаудың коэффициентінің эгоцентрилік сөйлеуден өте жоғары болатыны түсінікті болады.

Пиаже балалар ойының эгоцентрилік сипатын қалай анықтағанын айта келе, бір айға жуық мерзім бойы бірнеше баланың сөзін жазып ала жүріп, 5 және 7 жас арасындағы балалар жұмыс істей жүрсе де, ойнай жүріп сөйлесе де, олардың сөйлемдерінің 44-тен 47%-ға дейінгі эгоцентрилік болып келетін байқағанын айтады. Ал 3 жас пен 5 жас аралығында эгоцентрилік сөйлеу 54 пен 60%-ды көрсетті. Бұл эгоцентрилік тілдің функциясы өзінің ойы мен өзінің дара іс-әрекетін мәнерлеп айтып беру болып келеді. Мұндай сөйлеуде, Пиаже өзінің тілдер туралы этюдінде атап өткен, әрекетпен қоса жүретін айқайдан аз ғана із қалады. Бала тілінің мәнді бөлігіне тән бұл белгі бойынша бала өз іс-әрекетін қимылмен білдіргендегі бала ойының белгілі эгоцентризмін дәлелдейді. Сөздерден басқа, өзінде айтылмай жатқан ойларды сақтайтын «ойлаудың өзінің эгоцентризмі» туралы хабар береді. Ал бұл ойлар, баланың айтуға мүмкіндігі болмағандықтан, сақталып жатады, мүмкіндік басқалармен араласу және олардың көзқарасымен қосылу әсерінен дамиды.

Осыған орай, Пиаженің пікірі бойынша, эгоцентрилік ойлау коэффициентінің эгоцентрилік сөйлеу коэффициентінен де асып түсетінін байқаймыз. Бірақ баланың эгоцентрилік сөйлеуі — бала эгоцентризмі тұжырымдамасы негізінде жатқан негізгі фактілік және мәліметтік дәлел болып келеді.

Өзінің зерттеуін қорытындылаған ғалым былай дейді: цитата: «6—7 жасқа дейін балалар үлкендерге қарағанда эгоцентрилік тұрғыда ойлайды және әрекет жасайды және бізге қарағанда бір-біріне өзінің интеллектілік ізденістерін аз айтады». Ж.Пиаженің пікірінше, бұның себебі екі жақты. «Біріншіден, олар 7—8 жасқа дейінгі балалар арасында бекітілген әлеуметтік өмірдің орнықты болмауынан, екіншіден, баланың негізгі іс-әрекетінде, яғни ойынында пайдаланатын қарым-қатынастағы тілінің — ым, бет қимыл, қозғалысының тілі болып келуіне байланысты». «Шындығында, — дейді ол, — 7—8 жасқа дейінгі балаларда айтарлықтай қоғамдық өмір байқалмайды». Пиаженің сәбилер үйінде жүргізген бақылауы бойынша, тек 7—8 жастағы балаларда ғана бірлесіп жұмыс жасау қажеттілігі байқалған. «Сонымен, нақ осы жаста ғана эгоцентрилік өз ойын айту күшінен айрылады деп ойлаймыз», — дейді ол. «Екінші жағынан, егер баланың сөйлеуі 6 жасқа дейін осындай аз әлеуметтелінген болса және де мәлімет беру, сұхбат және т.с.с. салыстырғанда эгоцентрилік формалары анағұрлым мәнді рөлде болса, ол шын мәнінде баланың сөйлеуі мүлдем бөлек екі түрден тұратындығында; біреуі ым-ишарат, қимыл-қозғалыстар, мимика және т.б. сөйлеумен қосарласа жүреді, тіпті кейде оны түгелдей ауыстырады да, екіншісі — тек қана сөздерден тұрады» деп ойын растайды.

Осы зерттеу бойынша сәбилік шақта эгоцентрилік сөйлеудің басым болу фактісі негізінде Пиаже «баланың эгоцентрилік ойлауы ойлаудың аутистикалық және реалистік түрлері арасындағы ауыспалы түрі» деген негізгі жұмыс болжамын (гипотезасын) жасаған. Пиаженің баланың эгоцентрилік сөйлеуі туралы ілімінің негізгі мазмұны мынада. Сәби шақтағы баланың сөйлеуі өзінің көп бөлігінде эгоцентрилік, ол хабарлау мақсатында қызмет етпейді, қарым-қатынас қызметін атқармайды, ол тек қана баланың күйзелісі мен іс-әрекетіне әнге үн қосқандай қимыл береді. Сонымен бірге ол баланың күйзелісін де, іс-әрекетін де еш өзгеріске түсірмейді. Олардың арасында ішкі байланысқа қарағанда қандай да бір келісушілік бар.

Пиаженің суреттеуінде баланың эгоцентрилік сөйлеуі бала белсенділігінің жанама өнімі және оның ойлауының эгоцентрилік сипатының табылуы ретінде беріледі. Бала үшін бұл кезде басты заң — ол ойын, оның ойлауының бастапқы түрі, Пиаже бойынша, сағымды елестер болып табылады және ол өз бейнесін эгоцентрилік сөзден табады.

Выготский эгоцентрилік сөйлеу баланың мінез-құлқында ешқандай объективті пайдалы қызмет атқармайды деген ойды тұжырымдаған. Бұл өз қажеттілігіне бағытталған сөйлеу, ол болмаса баланың іс-әрекетінде еш нәрсе өзгермес те еді. Айналасына түсініксіз болып келетін эгоцентрилік қажеттіліктерге тұтастай бағыныңқы баланың сөйлеуі — баланың вербалды түс көруі немесе реалистік ойлауға қарағанда түс көру мен ниет логикасына жақын келетін психикалық өнімі болып саналады дейді.



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау мен сөйлеудің дамуындағы эгоцентризм тұжырымдамасы

Выготский баланың эгоцентрилік сөйлеуінің функциясы туралы сұрақ пен Пиаженің баланың эгоцентрилік сөйлеуінің дамуы жайлы екінші ілімінің арасында байланыс бар екенін айтады. Егер эгоцентрилік сөйлеу бала ойының түс көруінің көрінісі болса, ол керек болмаса және баланың мінез-құлқында еш қызмет атқармайтын үн қосу сияқты баланың күйзелісі мен іс- әрекетіне қосылып жүретін бала белсенділігінің қосымша өнімі ретінде болса, онда одан әлсіздікті және бала ойлауының жетілмегендігін мойындауға және осы белгінің баланың дамуы барысында жойылатындығын күтуге болады деген сынды да айтады. Выготский Пиаже зерттеуіндегі мәліметтер эгоцентрилік сөйлеу коэффициентінің бала өскен сайын төмендейтінін көрсеткендігін айтады. 7— 8 жастарда коэффициент нөлге (0) жақындайды, ал бұл мектеп табалдырығын аттаған балаға эгоцентрилік сөйлеудің тән еместігін білдіреді. Эгоцентрилік сөйлеуінен құтылса да, бала өзінің эгоцентризмімен қоштаспайды, бұл фактор араласып, басқа тұрғыда өзінен жаңа белгілер таба отырып, баланың эгоцентрилік ой айтуына дәл ұқсас емес дерексіз сөздік ойлау сферасынан басымдылық ала бастайды деген тұжырымын ұсынады. Эгоцентрилік сөйлеу баланың мінез-құлқында ешқандай қызмет атқармайды деген оймен толық келісе тұрып, Пиаже эгоцентрилік сөйлеу одан әрі мектеп жасында мүлдем жойылып кетеді дейді. Эгоцентрилік сөйлеудің тағдыры мен функциясы туралы сұрақ Пиаже дамытқан эгоцентрилік сөйлеу теориясының бүкіл тірі жүйесін құрайтын іліммен тікелей байланысты.

Алайда Выготский балалық шақтағы эгоцентрилік сөйлеудің дамуы мен табиғатын эксперименттік және клиникалық түрде қайтадан зерттеген. Бұл зерттеулер ғалымды қызықтырып отырған процесте аса маңызды мезеттерді бекітуге және баланың эгоцентрилік сөйлеуінің психологиялық табиғатын Пиаженің қарастыруынан басқаша түсінуге әкелді. Ол туралы біз келесі дәрісімізде айтатын боламыз.

Осымен бұл дәріс аяқталды. Выготскийдің Пиаже іліміне қатысты сыни көзқарастары мен өзіндік зерттеу қорытындылары баяндалатын келесі дәрісіміз сізге қызық болады деп сенеміз. В) эгоцентризм

### Қосымша әдебиет:

1. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. - М., 2009.
2. Петровский А.В. Психология развивающейся личности. - М.: Педагогика, 2007.
3. Реан А.А. Психология человека от рождения до смерти. - СПб.: Прайм-Еврознак, 2000.
4. Рябова Т.В. Структура и возрастная динамика феномена эгоцентризма у подростков и взрослых. Автореф. дис.... канд. психол. н. - М. : МГУ, 2001